Енгізілген күні – 2003.04.01.

КІРІСПЕ

- 1 ЖАСАЛҒАН: «Гражданжилпроект» ЖШС-інің жобалау-өндірістік бюросымен.
2 АУДАРЫЛҒАН: «Геотехстройинновация» ЖШС-імен.
3 ӘЗІРЛЕНГЕН: «KAZGOR» Жобалау академиясымен мемлекеттік тілге аударылуына байланысты қайта басуға.
4 ҰСЫНЫЛҒАН Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің (ҚР ИСМ) Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Құрылыстағы техникалық нормалау және жаңа технологиялар басқармасымен.
5 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ҚР ИСМ Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 26.05.2004 ж. №251 бұйрығымен
ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ: 2004 жылдың 1 қыркүйегінен бастап.
6 Осы ҚР ҚНЖЕ Қазақстан Республикасы аумағында ҚР ИЖСМ Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 20.01.03 ж. № 16 бұйрығымен 01.04.2003 ж. бастап қолданысқа енгізілген орыс тіліндегі “Жылы едендер құрылғысы” ҚР ЕЖ 3.02-01-2002-нің теңтүпнұсқалық мәтіні және мемлекеттік тілдегі аудармасы болып табылады.
7 ОРНЫНА: Алғаш рет.


МАЗМҰНЫ

- 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ
2 ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР
3 КАБЕЛЬДІК (ЭЛЕКТРЛІК) ЖҮЙЕНІ ЕДЕНГЕ ОРНАТУДЫҢ ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАРЫ
4 ЖЫЛЫ ЕДЕНДЕР ҚҰРЫЛҒЫСЫ НҰСҚАЛАРЫ
1- қосымша. Жылы едендердің кабельдік жүйесін құрастыру тәртібі
2- қосымша. Бөлмелердегі жылы едендерді есептеу мысалының нұсқалары
3 қосымша. Кабель жүйесі құрылғысы жөніндегі жалпы нұсқаулар
4- қосымша. Кабель құрылғысы сұлбаларының нұсқалары
5 қосымша. Кабельдер мен жылуреттегіштерінің қолдану салаларының кестесі
6 қосымша. Электрлі жылуреттегіштері сұлбаларының нұсқалары (DE-VI фирмасы)
7 қосымша. Осы ҚЕ-де жасалатын нормативтік-техникалық құжаттама тізбегі


1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Құрылыста пайдаланылатын жылы едендерге жылы орыннан берілетін элеваторлық тораптағы сумен немесе жылумен жабдықтаудың жекеше көзінен (қазан) жылыту жүйесі және еденге орнатылған кабельдік (электрлік) жылыту жүйесі.


Едендегі кабельдік жылыту жүйесінде металл, металлпластика, полибутилен құбырларын пайдалануға болады. Полибутилен құбырларын пайдаланатын едендік жылыту жүйесінің нұсқалары 1-3 жалпы сұлбаларда келтірілген.




6-сұлба. - Бетон жабыны.



7-сұлба. Асфальт жабыны



8-сұлба. Құмдауыт жастық



9-сұлба. - Автотұрақтардағы еденнің құрылғысы.

2 ЖАЛПЫ НҮСҚАУЛАР

2.1 Жылытудың кабельдік (электрлік жүйесі) – бұл жайлы жылы едендер және жайлы жылыту жүйесі. Электрлік жылыту кабелдерінен, жылу реттегіштерден және құрастыру керек-жарақтардан тұратын бірегей жүйе пайдаланудың озық сипаттамасы мен эстетикалық талғамды ұштастырады.

Электрлік жылыту жүйесі өзінің жайлылығымен, икемділігімен, үнемділігімен, сенімділігімен, өміршеңдігімен, қауіпсіздігімен және экологиялық тазалығымен ерекшеленеді.

2.2 Электрлік жылыту жүйесін негізгі жүйе ретінде жеке тұрған ғимараттарда немесе суық еденді (мәрмәр, кафель) бөлмелерде жылу жайлылығын алу үшін қосымша жылыту ретінде (басқалармен бірге) пайдалануға болады.

2.3 Жүйенің құрылымды шешімдері.

Қуаты 18 Вт (қума метр) және қуаты 10 Вт (қума метр) екітүтікті экрандалған жылыту кабельдерінің құрылғысы негізінде екі жылыту түтігі жатыр. Олардың әрқайсысы ұшында бір-бірімен қосылатын модификацияланған жоғары қысымдағы арнайы полиэтилен қабықта. Кабель жоғары жағында экрандалған мыс тоқымасымен жабылған және үстіңгі жағында поливинилхлоридпен бөлінген. ПВХ-дан жасалған берік қабық арқылы механикалық түрде қорғалған мыс тоқыма түріндегі экранның болуы бұл кабельді кез келген атмосфералық жағдайда (ылғалды бөлмелерде және т.б.) оның электрлік және механикалық беріктігі үшін қауіптенбей пайдалануға болады.


Бір түтікті экрандалған кабель (қуаттылығы 20 Вт/пог.м), ереже бойынша, тұрғын емес бөлмелерге арналған қондырғыларда қолданылады.

Жылыту кабелінің үсті қалыңдығы 30-50 мм цемент-күм қоспасымен тегістеледі.


Қажет болған жағдайда диаметрі кабельдің диаметріне тең жұқа қоспа (10-15 мм) үшін жоғары сапалы цемент және пластификатордан жасалған мастика (Альфискс тәріздес) пайдаланылады.

2.4 Бөлменің жылу реттегіш белгілейтін температурасы 20-21 °С.

Жайлы болу үшін еденге бірге орнатылған жүйенің қуаттылығы 70-120 Вт/м² болуы тиіс. Едендегі қажет температура жылу реттегіш арқылы белгіленеді, ереже бойынша, 24-26 °С, 10-11-сұлбалар.



10-сұлба - Дәстүрлі сумен жылыту жүйесі



11-сұлба - Электрлік жылыту (кабельдік) жүйе –жылытылатын едендер.

Кабельдің температурасы 65 °С жоғары болмау керек.

Еденді жайлы жылытқан жағдайда энергия шығындары шамамен сөткесіне 0,6-0,8 кВт/1м² болуы тиіс.

Жайлы жылыту кезінде жүйенің қуаты 130-дан 170 Вт/м² дейін болады.

Жылытуға арналған электр шығындары жылыту маусымында шамамен 150-180 кВт/м² құрайды.

2.5 Кабельдік жылыту жүйесінің құндылықтары:

- мүлтіксіз жайлы жылыту. Еден арқылы жылыту кезінде бөлменің температурасы дәстүрлі жылыту көздерімен салыстырғанда 2-3 °С төмендейді;

-еденнен жылудың ақырын көтерілуінің арқасында 10 және 11-сұлбаларда келтірілген дәстүрлі радиаторлық жүйеге қарағанда жайлы сезінуге болады;

- төменнен келетін баяу жылы ағым жылыту жүйесінің дұрыстығының куәсі.

Сондықтан бұл жүйе ауруханаларға, санаторийлерге және т.б. көптеп таралып барады;

- суық тигізуге апарып соғатын өтпе жел, бас ауыртатын және демалуға әсер ететін шаң түтін жоқ;

- аллергиясы, демікпе және ревматикалық аурулары бар адамдар үшін өте қолайлы;

- радиатормен жылыту кезіндегідей қабырғалар қараймайды.

- бөлмені қатты ысытып жібермей, белгіленген температураны ұстап тұру және тиісінше қосымша жылуды жоғалтпау;

- демалысқа кеткен кезде жүйені айыруға болады;

- жиһаз қойған кезде толық еркіндік тиеді;

- жүйе өрт кезінде қауіпсіз, себебі жылу көзі бетонға орнатылған және төменгі температурада жұмыс істейді;

- жылыту қондырғылары вандализмнен қорғалған, бұл оларды қоғамдық ғимараттарда, білім беру мекемелерінде қолдануға мүмкіндік береді;

- жүйе жылуды жинайды. Электр қуаты үшін ақы төлеудің түнгі тарифі бойынша төмендетілген бағасы бар қалаларда жылуды түнде жинап, күндіз беруге болады;

- жылудың жайлылығы жүйені көне үйлер, қабырғалары сылақнақыш салынған шіркеулер, көне кітаптары бар кітапханалар және басқа жылудың біркелкі таралуын қажет ететін бөлмелер үшін қолайлы етеді;

- пайдаланудың үнемділігі әрбір бөлмедегі жеке температура реттегіші арқылы тиімді қамтамасыз етіледі.

Электрлік жылыту жүйесі дәстүрлі радиаторларға қарағанда энергияны анағұрлым аз жұмсайды, себебі жылу еденнің үстінен тегіс біркелкі көтеріледі.

Жылы едендерді қолдану практикасы электр қуатын үнемдеудің жылдық көрсеткіші 5 % дейін жететінін көрсетеді. Энергияны пайдалану 20 % дейін төмендейді. Жылыту кабелінің қызмет ету мерзімі 50-70 жыл.

3 КАБЕЛЬДІК (ЭЛЕКТРЛІК) ЖҮЙЕНІ ЕДЕНГЕ ОРНАТУДЫҢ ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАРЫ

3.1 Жылытудың еденге орнатылған кабельдік (электрлік) жүйесін пайдаланған кезде мынандай нұсқалар болуы мүмкін:

еденді жайлы жылыту үшін ішінара кабельдік жүйені пайдалану, жылудың негізгі көздері (радиатор, конвектор ж. т.б.) болған жағдайда;

Негізгі жайлы жылыту ретінде кабельдік жүйені пайдалану (пәтерлер, үйлер т.б.); Бұл нұсқада еденге орнатылған кабельдік жүйенің белгіленген қуаттылығы 100-170 Вт/м² құрауы қажет.


Жылы еденді жайлы түрде жылыту үшін 5 және 6- қосымшаларды басшылыққа алған жөн.

3.2 Негізгі жылытуға арналған кабельдер жылуды жоғалтуды есептегеннен кейін ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, ҚНЖЕ 2.04-01-2001 сәйкес белгіленеді.

3.3 Едендерді басқару жұмыс температурасының кең диапазонына және пайдаланудың түрлі жағдайларына есептелген жылуреттегіштер арқылы жүзеге асырылады. Еденнің кабельдік жүйесін құрастыру тәртібі және еденді есептеу мысалдары 1-қосымшада келтірілген.

3.4 Жылыту кабелін дұрыс және сенімді бекіту үшін құрастыру таспасын пайдаланған жөн. Жылыту кабелін металл тор немесе арматураға бекіту альтернативті нұсқа болып табылады.

Еден температурасының бергіші диаметрі 16 мм солқылдақ кеңірдектелген құбырға орнатылады, бергіштің ұзына бойына еденнен жылуреттегішке дейін, 12-сұлба.



12-сұлба - Электр жүйесі құрылысының жалпы көрінісі.

Еден температурасының бергіші толық және қосымша жылыту кезінде де, еден температурасын реттеу маңызды бөлмелерде қолданылады.

Ауа температурасының бірге салынған бергіші толық жылыту кезінде пайдаланылады. Бірақ, ванна бөлмесі мен басқа да еденнің температурасы жоғары болуы қажет үйлерде еден температурасының бергіші қолданылады. Екі бергіштің комбинациялары ауа температурасы бойынша жалпы басқару жүйесінің еден температурасын шектеуі қажет болған жағдайда қолданылады.

Ауа температурасының бірге салынған бергіші бар жылуреттегіші күн сәулесі тікелей түспейтін және өтпе жел жоқ, 1,4 м биіктікте және ішіне ылғал кірмейтін жерлерде орналасуы қажет.

Жүйені орнату жөніндегі жалпы нұсқаулар 3-қосымшада келтірілген.

3.5 Кабель мен жылуруттегішті таңдаған кезде 6-қосымшаны басшылыққа алған жөн.

Кабель жүйесі ескі кафель, бетон және ағаш еденге бөлмелерді жөндеген кезде орнатылуы мүмкін. Жүйе сондай-ақ жаңадан салынатын еденге де жарайды. Бұл жағдайда жылыту кабелі қалыңдығы 3-5 мм бетон қоспаның астына жіберіледі. қоспа жылу аккумуляторы болып табылады, көп тарифті есептегіш қойған кезде үнемдеу елеулі артады.



Кабельдер мен жылуруттегішті қолдану аясының шамамен алғандағы кестесі 5-қосымшада келтірілген.

Жүйені бөлмелерді жылыту үшін пайдаланған кезде өтемдер құны 1 м² жылыту түріне қарай (қиыстырылған немесе негізгі), кабельдің түріне және бөлменің аумағының жылуруттегішіне байланысты \$12 \$25 дейін ауытқиды.

4 ЖЫЛЫ ЕДЕНДЕР ҚҰРЫЛҒЫСЫ НҮСҚАЛАРЫ


4.1 Ағаш едендер жүйе құрылғысы

4.1.1 Электр жүйесі ағаш еденнің кез келген түріне қарамастан (тақтай, желімделген, ламинат, еденарқалықтар) кез келген бөлмеде, еденнің жақсы жылу өткізгіші болса орнатыла береді, 13, 14-сұлбалар.



1 Ағаш еден, 2 температура бергіші, 3 жылыту кабелі, 4 металл тор, 5 жылу өткізу,
6. жабу

13-сұлба - Ағаш едендердегі кабель жүйесі құрылғысы



14-сұлба - Жүйе құрылғысының жалпы көрінісі

Ағаш едендер үшін қуаты 10 Вт/м артық емес жылыту кабельдері пайдаланылады. 1 м² қажетті қуатты есептеген кезде бөлме еденінің бір бөлігін жиһаз алып тұратынын есепке алу керек. Сондықтан мұны бос аумақтың қуатын арттыру арқылы теңестіру қажет.

Ағаш едендерде қуаты 10 Вт/м² артық кабель қолдануға тиым салынады.

4.1.2 Ағаш еденнің 1 м² 80 Вт артық емес қуат орнатуға рұқсат етіледі. Кабельдің үстінен еденге төселетін тақтайдың қалыңдығы 25 см артық болмауы тиіс.

4.1.3 Жылыту кабелі еденарқалардың жылу өткізгіштерінің арасына ілініп тұрған металл тордың үстіне өткізіледі.

Жылыту кабелі жылу өткізгішке тимеуі тиіс. Тормен еденнің төменгі бетінің арасындағы жарық кем дегенде 30 мм болуы тиіс.

Жылыту кабелі торға 30 см сайын бекітіліп отырады.

4.1.4 Еденарқалар мен кабельдің қиылысқан жерлерінде жалпақтығы 30 мм тілік жасалып, ол алюминий фольга немесе басқа жанбайтын материал арқылы қорғалатын болады. Бір тілікке кабельдің бір ғана жібін жүргізуге болады. Кабельдің минималды бұру диаметрі кабельдің 6 диаметрінен артпауы тиіс.

4.2 Бетон едендегі жүйе құрылғысы

4.2.1 Кабель жүйесі бетон едендердің кез келген түріне (толық немесе қосымша жылыту үшін) тұрғын және жұмыс бөлмелердің барлық түрлеріне орнатылады.

4.2.2 Бетон едендер үшін 18 Вт/м² артық емес жылыту кабельдері пайдаланылады.

Кәдімгі бөлмелерді толық жылыту үшін жылу өткізгіш дәрежесіне және климат жағдайларына байланысты 120-дан 150-ге дейін Вт/м² қуат орнатылады.

4.2.3 Ванна бөлмелерінде орнатылатын жылыту қуаты кем дегенде 100 Вт/м² болады, өйткені онда еденнің температурасы жеткілікті дәре

жеде жоғары болуы тиіс. 1 м² қажет қуатты есептеген кезде еденнің бір бөлігін шкафтар, дәретханалар, ванналар алып тұрғанын ескеру қажет. Сондықтан бұның орнын бос орынның қуатын арттыру жолымен толтырған жөн.

4.2.4 Жылыту кабелі цемент төсемі астынан 30-50 мм тереңдікте жүргізіледі.

Кабель желілерінің арасы 10-20 см. Кабель желілерінің арасы неғұрлым алыс болса, кабель жүргізу тереңдігі соғұрлым көбірек болғаны дұрыс. Тұрғын бөлмелерде кабель желілерінің арасы 20 см көп болмауы тиіс. Өйтпесе еденнің үстінде температураның ауытқуы, яғни қатты жылырақ немесе жылуы төмен аймақтардың болуы мүмкін. Жылыту кабелін дұрыс, әрі сенімді бекіту үшін құрастыру таспасы пайдаланылады. Құрастыру таспасы 2,5 см сайын бекітіледі. Осылайша аралық 2,5: 10 см, 12,5, 15 см, 17,5 см және т.б. еселі болуы тиіс.

Пайдаланылатын жылу өткізгіштің жылу өткізу коэффициенті 0,20 Вт/(м² °С). Бұл жылу өткізу қабаты кем дегенде 100 мм болу керек дегенді білдіреді.

4.2.5 Ванна бөлмелерінде және басқа да ылғал бөлмелерде еден құрылғысында төменгі жақтан еденге ылғалдың өтуіне тосқауыл жасайтын гидрооқшаулағыштық қабат көзделуі тиіс.

4.2.6 Жылыту кабелін жүргізген кезде оның жылу өткізгішке тиюін және кабельдің жылу өткізгішке басылып кетуін болдырмаған жөн.

4.2.7 Құрамы 1:3 болатын жылыту кабелі жүргізілетін цемент-құм қоспасының ішінде өткір тастар болмауы тиіс. Кабельдің айналасында ауа қалташалары пайда болмау керек.

Жылыту кабелін цемент қоспа табиғи түрде қатқаннан кейін ғана қосу керек.


4.2.8 Кабельдік жылыту жүйесі орнатылған бетон еденге жабындардың барлық түрлерін пайдалануға болады.

Асты резеңке қалың кілемдер төсеу тиімді емес, себебі ол жылуды өткізбейді.


Ағаш еденді тікелей жылыту кабелі орнатылған бетон негіздің үстіне төсеген кезде әзірлеуші кәсіпорынның нұсқауларын қатаң орындаған жөн.

4.2.9 Бетон едендердегі кабель жүйесі құрылғысының нұсқалары 15, 16, 17-сұлбаларда келтірілген.


* Қажет болған кезде қолданылады



1. Кафель немесе басқа төселім, 2 бергіш, 3. гидрооқшаулағыштық қабат, 4 цемент төсем 30-50 мм, 5 жылыту кабелі, 6 құрастыру таспасы немесе темір тор, 7 жылуоқшаулағыш, 8 бетондық негіз, 9 топырақ негіз 15-сұлба. - Жердегі бетон еден.



- 1 Кафель немесе басқа төселім, 2 гидрооқшаулағыштық қабат, 3 бергіш, 4 цемент төсем 30-50 мм, 5 жылыту кабелі, 6 құрастыру таспасы немесе темір тор, 7 жылуоқшаулағыш, 8 бетондық негіз, 9 топырақ негіз 16-сұлба. - Ваннадағы бетон еден**



17-сұлба - Жалпы көрініс

4.3. Қайта қалпына келтірілген бөлмелердегі жүйенің құрылғысы

4.3.1 Кабельдік жүйе бөлмені қайта қалпына келтірілген байланысты неғұрлым жұқа жаңа еден төсеу қажет болған кезде қолайлы (2.3 т.). Жұқа едендердің қолданылу аумағы:

- ас үйлер; ванна бөлмелері, сондай-ақ басқа да қайта қалпына келтірілген бөлмелер.

4.3.2 Жылыту кабелі жоғары маркалы жұқа цемент немесе жұқа едендерге арналған мастика деп аталатын арнайы жылуэластикалық қоспаның астына жіберіледі.

4.3.3. Іс жүзінде еденнің барлық жабындарын еденнің астына жіберілген жылыту жүйесімен үйлестіре пайдалануға болады.

Дегенмен, ағаш немесе пластмасса жабындары пайдаланған кезде кабельдің сырты кем дегенде 10 мм жабылып тұруы тиіс.

Тікелей бетон еденнің үстіне орнатылған ағаш еденнің ең жоғары температурасы 26 °С жуық болуы тиіс.

4.3.4 Ванна бөлмелерінде орнатылатын кабельдің қуаты кем дегенде 100 Вт/м² немесе климат және жылу өткізу жағдайларына байланысты одан да жоғары болуы тиіс.

4.3.5 Нашар жылитын ескі үйлерде жылу қуаты 150 Вт/м² болғаны дұрыс.


Жұқа едендегі кабель желілерінің арақашықтығы 10 см артпауы тиіс.

4.3.6 Кабель жүйесі құрылғысының нұсқалары 18, 19, 20-сұлбаларда келтірілген.




1 Кафель немесе басқа жабын, 2 гидрооксидулағыштық қабат, 3 цемент төсемі 30-50 мм, 4 бергіш, 5 жылыту кабелі, 6 құрастыру таспасы немесе темір тор, 7 қолданыстағы еден

18-сұлба - Қолданыстағы бетон еденнің үстіндегі жұқа еден



- 1 Кафель немесе басқа жабын, 2 гидрооқшаулағыштық қабат, 3 цемент төсемі, 4 бергіш,
5 жылыту кабелі, 6 құрастыру таспасы немесе металл тор, 7 жанбайтын қабат, 8 металл тор,
9 қолданыстағы еден

19-сұлба - Қолданыстағы ағаш еденнің үстіндегі жұқа еден



- 1 Кафель немесе басқа төселім, 2 гидрооқшаулағыштық қабат, 3 бергіш , 4 цемент төсем,
5 жылыту кабелі, 6 құрастыру таспасы немесе металл тор, 7 қолданыстағы еден, 8. бетондық негіз, 9 топырақ негіз

20-сұлба - Қолданыстағы еденнің үстіндегі жаңа еден

1-қосымша

Жылы едендердің кабельдік жүйесін құрастыру тәртібі

- 1 Жүйені құрастыру алдында тапсырыс берушіге жылу өткізу және энергиямен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс беру қажет.
- 2 Жинақтылығын және материалдар мен жинақтаушылардың сәйкестігін тексеру қажет.
- 3 Кепілдемелік сертификатта заттың коды, кабельдің коды, оның ұзындығы және қуаты көрсетілуі тиіс.
- 4 Омдық кедергі бойынша кабельдің дұрыстығын тексеру қажет (муфтада көрсетілген шамаға сәйкес болуы тиіс).
- 5 Құрастыру қорапшасы орнатылуы тиіс.
- 6 Суық кабель мен бергіш түтікшесі қабырғаға бекітілуі тиіс.
- 7 Еденге құрастыру бағыттаушылары бекітілуі тиіс.
- 8 Құрастыру адымының есептеулері.

$$\text{Бос алаң (м}^2\text{) } \times 100 \text{ (см)} = \text{арақашықтық (см)}$$

$$\text{Кабельдің жалпы ұзындығы (м}^2\text{)}$$

- 9 Кабельді құрастыру адымы бойынша есептеп, оны 2,5 АПВ сымның ұзындығы 5-7 см кесінділерімен сантехника, шкафтар және т. б. айналып аумақтың барлық жеріне жылу біркелкі тарайтындай байлап жүргізу қажет. Кабельдің ең төменгі иілу диаметрі 30 мм болуы тиіс. Кабель желілері бір-бірімен қиылыспауы тиіс.

10 Кабельді жүргізер алдында жылу астыңғы жаққа өтпеуі үшін жылуоқшаулағышты жасаған жөн, бұл тұтынылатын энергияны 10-12 % үнемдейді. Бұл мақсаттар үшін көбікбетон, т. б. жанбайтын материалдар пайдаланылады.

Егер жылуоқшаулағышы фольгамен оралмаған болса, онда оның үстін фольгамен жауып немесе жылуоқшаулағышының үстінен цемент-кұм қоспасын құю керек (10-15 мм).

11 ПХВ түтікшесінің бір жағын цемент қоспа ішіне кірмес үшін жауып тастау керек.

12 Түтікшені жабық жағын кабель желілерінің арасына ашық орам түрінде орнату қажет.

13 Кабельдің үстіне қоспа құйғаннан кейін оның омық кедергісін тексеру керек.

14 Қабырғаға жылуреттегішті бекітіп, қосу керек.

15 Кабельдің үстіне қоспа құйған кезде оны бөгде адамдардың бұзып кетуін болдырмас үшін, қасында болу керек.

16 Құрастыру кезінде кабельді қосу муфттарының тартылысын болдырмаған жөн.

17 Кабель төсеуді жеңілдету үшін қоршаған ортаның төменгі температурасында кабельдің орауын жазып, аз уақыт кернеуге қосу керек. Сол кезде кабельдің икемділігі қалпына келеді.

18 Кабельді орауы жазылмаған күйінде қосуға үзілді-кесілді тыйым салынады.

19 Құрастыру кезінде полярлықты қатаң сақтау керек.

Таңбалау төмендегіше жүргізіледі:

Фаза – қоңыр;

Нөл – көк;

Тұйықтау – сары-жасыл.

Жылуреттегіштің қуатынан қуаты жоғары кабель орнату қажет болған жағдайда түйістіргіш пайдаланылады. Түйістіргіштерді қосу электр қондырғылары құрылғысы ережелеріне (ЭҚЕ) сәйкес жүргізіледі.

Жылыту жүйесі 220 В айнымалы ток желісінен қоректенеді, желіге тұрақты түрде қосылады, күрделі электрлі құрастыруды және коммутацияны қажет етпейді.

Құрастыру ЭҚЕ талаптарына сай жүргізілуі тиіс. Жылуреттегішті 10-16 А автоматының көмегімен токтың шамадан тыс түсуінен қорғау қажет, жылуреттегіш коммутациясы тоғына байланысты.

Көңіл бөліңіз: Жүйені энергиямен қоректендіруді білікті электрик қамтамасыз етеді. Жылыту жүйелерін электрмен қоректендіру және қорғау басқа 1 күш беруші немесе жарықтандырушы тұтынушыларымен кешенді түрде қоспаған жөн.

Кабельді ашық құрастыру кезінде немесе кабельдің бұзылуы мүмкін жерлерде: **«Абай болыңыз! 220В. Жылыту кабелі»**, деп жазып қою керек.

Жылуреттегішін қосқан кезде кернеуден айырылып тұру керек.

Жүйені тұйықтауды қамтамасыз ету қажет.

2-қосымшаның сұлбаларында кабельді орнатудың принципті нұсқалары көрсетілген

2-қосымша

Бөлмелердегі жылы едендерді есептеу мысалының нұсқалары

а) есептеуге арналған негізгі талаптар:

Жүргізілетін кабельдің қажетті қуаты мен еден құрылымдары әр түрлі бөлмелердегі кабельдік жүйенің қуатын таңдау;

Бос орынды есептеу (m^2);

Формула бойынша кабель сымдарының арасындағы (см) қашықтықты (адымды) есептеу;

Бос алаң (m^2) x ұсынылатын қуаты (Вт)

Кабельдің жалпы ұзындығы (м)

Кабель сымдарының арақашықтығы шамамен 7,5-12,5 см құрайды.

б) 1 есептеудің мысалы.

Аса жайлы жылыту

Бастапқы мәліметтер:

Бөлменің белгіленген мақсаты – ас үй;

Бөлменің жалпы көлемі – $13 m^2$;

Бос алаң (жиһаз қойылмаған) – $9 m^2$;

Еденге төсеуге ұсынылатын материал – кафельдік тақтайшасы;

Бөлмеде радиаторлар бар;

Жылыту жүйесінің қолданылатын қуаты $80 \text{ Вт}/m^2$ құрайды;

Есептеу: жылытуға қажет есептелетін қуаты:

$$9 \times 80 = 720 \text{ Вт құрайды}$$

Бұл қуаты 720 Вт кабельді іріктеп алу керек екенін білдіреді (көбіне кабель қуаты артықтау етіп іріктеп алынады). Іріктеп алынатын кабель екі түтікті, ұзындығы 44 м, қуаты 725 Вт.

Бұдан кейін еден температурасының бергішімен бірге жылуреттегіш іріктеп алынады.

Кабель сымдарының арасындағы адым:

$$(9 \times 100) / 44 = 20,5 \text{ мм.}$$

в) 2 есептеудің мысалы

Негізгі жылыту

Бастапқы мәліметтер:

Бөлменің белгіленген мақсаты – холл;

Бөлменің жалпы аумағы – $25 m^2$;

Бос аумақ (жиһаз қойылмаған) – $20 m^2$;

Бөлме жылытылмайды;

Жылыту жүйесінің қолданылатын қуаты $130 \text{ Вт}/m^2$ құрайды;

Есептеу: бүкіл бөлмені жылытуға қажет есептелетін қуат:

$$25 \times 130 = 3250 \text{ Вт құрайды}$$

Бұл қуаты 3250 Вт кабельді іріктеп алу керек екенін білдіреді.

Әрқайсысының қуаты 1720 Вт құрайтын ұзындығы 105 м екі түтікті кабель іріктеп алынады – 2 дана.

Екі кабельдің қуатының жиынтығы – 3440 Вт. Бұдан кейін бергішімен бірге жылуреттегіш іріктеп алынады.

Кабель сымдарының арасындағы адым:

$$(20 \times 100) / 210 = 9,5 \text{ мм},$$

мұнда екі кабельдің ұзындығы – 210 см.

3-қосымша

Кабель жүйесі құрылғысы жөніндегі жалпы нұсқаулар

Жылыту кабелі ұсыныстарға сәйкес қолданылып, тұрақты түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Жылыту кабелін білікті электрик қосады.

1 м² еденге ұсынылған максимальды қуаты сақтау қажет.

Жылыту кабеліне механикалық күш түсіп, тартылмауы тиіс.

Кабель жүргізілетін негіз таза болуы тиіс.

Кабель иілімінің диаметрі кабельдің 6 диаметрінен кем болмауы тиіс.

Кабель желілері бір-біріне тимей және бір-бірімен қиылыспау керек.

Жылыту кабелінің экраны қолданыстағы ЭҚЕ және ҚНЖЕ ережелеріне сәйкес жерге жалғанған болуы тиіс.

Жылыту кабелін жалғау муфтасынан қысқаруға, ұзартуға немесе созуға болмайды.

Кабельді жүргізіп, бетонды құйғаннан соң Ом бірлігіндегі кедергіні өлшеу қажет.

Жылыту кабелінің Ом бірлігіндегі кедергісі жалғау муфтасында көрсетілген – 5 - + 10 %.


Кабельдің автоматты түрде ажыратылуын қамтамасыз еткен жөн. Жылуруттегішті 6-қосымшаға сәйкес.

•Кабельді төменгі температурада жүргізу қиындық туғызуы мүмкін, себебі кабельдің поливинилхлоридті қабығы қатып қалады. Бұл проблема кабельдің орауын жазып, аз уақытқа кернеуге қосса реттеледі.


•Орауы жазылмаған кабельді қосуға болмайды! Кабельді -5°С төмен температурада жүргізуге болмайды

4-қосымша


Кабель құрылғысы сұлбаларының нұсқалары




1-сұлба - Екі түтіккі кабельді жылу реттегіші бар бөлмеде орналастыру нұсқасы




2-сұлба. - Бір түтіккі кабельді жылу реттегіші бар бөлмеде орналастыру нұсқасы



3-сұлба - Үш бір түтіккі кабельді үлкен алаңда қуатын үш фазаға бөліп орналастыру нұсқасы. Сонымен қатар, жұлдыз/үшбұрыш типті сұлба қолданылуы мүмкін



4-сұлба - Еден температурасы бергішін қатпарланған пластмасса құбырдың ішіне орналастыру нұсқасы. Диаметрі 10 мм. Бергіш цемент төсемінің жоғарғы бөлігінде кабель ілгегінің ашық жерінде қабырғадан 0,5 м қашықтықта орналастырылады



5-сұлба - Үш бір түтікті кабельді үлкен аянда қуаттылығын үш фазаға бөліп орналастыру нұсқасы. Мұнда жұлдыз/үшбұрыш сұлбасы қолданылуы мүмкін.

5-қосымша

Кабельдер мен жылуреттегіштерінің қолдану салалары кестесі

	Қолдану саласы	Белгіленген қуаты, Вт		Кабель таңдау				Температура бергішін таңдау
		м ² орташа қуаты	м ² максималды қуаты	DTIP-18	DTIP-10	DTIP-8	DTIP-20	Devireg®
Бөлмелерді жылыту	Ванна	100-150	200	X	X			еденнің
	Қонақ бөлмесі	90-120	150	X	X			ауаның
	Кіреберіс	80-120	200	X	X			еденнің
	Дәретхана	80-120	200	X	X			еденнің
	Жатын бөлме	80-100	200	X	X			еденнің
	Дәліз	80-100	100	X	X			ауаның
	Балалар бөлмесі	80-100	200	X	X			ауаның
	Үй асты қабаты	80-100	100	X	X			ауаның
	Кір жуатын бөлме	50-100	200	X	X			еденнің
	Қосымша жылыту	80-150		X	X			еденнің
	Еденарқалардағы ағаш еден	80-90	200	X	X			еденнің
	Жұқа еден	60-80	80	X	X			комбинация*
	Офис	100-120	150	X	X			еден/комб.
	Қойма	80-100	200	X	X			ауаның
Дүкен	80-100	200	X	X			ауаның	
Басқа қолданыстар	Мұздату камер. едені	10-20			X	X		еденнің
	Гараждар	100-200	200	X				еденнің
	Шіркеулер	100-200	200	X				ауаның/еден
	Шеберханалар	80-100	200	X	X			ауаның
	Спорт орталықтары	50-80		X	X			жердің
	Жылыжайлар	50-100	100	X	X			Жердің

Ескерту.

Осы кесте даниялық Devi фирмасының кабельдері және жылуреттегіштерін таңдау жөніндегі нұсқау ретінде ұсынылады. Қолдану саласы: кабельді пайдалану орыны. Қойылатын қуаты:

“Орташа қуат” колонкасы 1 м² – қа орнатылған орташа қуатты көрсетеді. .

“Максималды қуат” колонкасы 1 м² .-қа орнатылған максималды рұқстаттықты көрсетеді. Кабельді таңдау:

X – осы қолданыс үшін кабельді пайдалану мүмкіндігі айқаспамен көрсетілген. Жылыту кабельдерінің нұсқалары 6-қосымшада келтірілген. Бергішті таңдау:

*- Ауа және еден температурасын бергіштер комбинациясы.

6-ҚОСЫМША

Электронды жылуреттегіштер сұлбаларының нұсқалары (de-vi фирмасы)

Серия devireg® 520, жабдылама біріншісі орнатуға арналған, IP31


devireg® 520 өдем темп. бергішінің devireg® 521, ауа температурасы бергіші құрамында бар, devireg® 522 өкі бергішілік қылымысымен

Кереку	Тып	Темп. қамаласы	A бергіші	B бергіші	Темп. шыр туып талысару	Температура шыр шектеуі
180-250 В	520	5°C - 45°C	Салпа		5°C	20°C - 60°C
180-250 В	521	5°C - 45°C	Бірлікке қалдырғын		5°C	
180-250 В	522	5°C - 30°C	Бірлікке қалдырғын	Салпа	5°C	



devireg® 330, пішінге орнатуға арналған DIN, IP20

Кереку	Тып	Темп. қамаласы	A бергіші	B бергіші	Темп. шыр туып талысару	Температура шыр шектеуі
180-250 В	330	5°C - 45°C	Салпа		5°C	
180-250 В	330	15°C - 30°C	Шырағымға		5°C	



devireg® 316, пішінге орнатуға арналған DIN, IP20

Кереку	Тып	Темп. қамаласы	A бергіші	B бергіші	Темп. шыр туып талысару	Температура шыр шектеуі
180-250 В	316	5°C - 50°C	Салпа		0° - 8°C	



devireg® 610, пішінге орнатуға арналған DIN, IP44

Кереку	Тып	Темп. қамаласы	A бергіші	B бергіші	Темп. шыр туып талысару	Температура шыр шектеуі
180-250 В	610	-10°C - +50°C	Салпа			



devitime® 301, IP20


Пішінге орнатуға арналған электрондық бағдарлама таймері DIN

Кереку	Ток күші	Жаналар	Ажыратқы
180-250 В	10 А	1	1




devireg® 710 пішінге орнатуға арналған DIN, IP20

Кереку	Тып	A бергіші	B бергіші
180-250 В	710	сымға	сыртқы



devireg® 711 пішінге орнатуға арналған DIN, IP20

Кереку	Тып	A бергіші	B бергіші
180-250 В	711	сымға	





devireg® 700 пішінге орнатуға арналған **DIN**, бергіштерсіз қойылады, **IP20**

Корпус	Тып	A бергіші	B бергіші	Айықтар
180-250 В	700	сымда	сыртқы	Шебер



devireg® 750-754 пішінге орнатуға арналған **DIN**, бергіштерсіз қойылады, **IP20**

Корпус	Тып	A бергіші	B бергіші	Айықтар
180-250 В	750	сымда	сыртқы	Шебер - I
180-250 В	751	сымда		1
180-250 В	752	сымда		2
180-250 В	753	сымда		3
180-250 В	754	сымда		4



БЕРГІШТЕР
Сымдағы бергіштер

Корпус	Температуралық диапазон	Бергіш	Материал	Ұзындық	Сыртқы қорғаныс деңгейі
180-250 В	-10°C - +50°C	15 kOhm/ 25°C	PVC	2,5 м	IP 65
180-250 В	-10°C - +50°C	15 kOhm/ 25°C	PVC	6,0 м	IP 65
180-250 В	-10°C - +50°C	15 kOhm/ 25°C	PVC	10,0 м	IP 65
180-250 В	+30°C - +90°C	100 kOhm/ 25°C	PVC	2,5 м	IP 65
180-250 В	+50°C - +170°C	16,7 kOhm/100°C	si	2,5 м	IP 65



Ауа температурасын шығаратын бергіш

Корпус	Температуралық диапазон	Бергіш	Материал	Өлшемдер	Сыртқы қорғаныс деңгейі
180-250 В	10°C - +50°C	15 kOhm/25°C	PVC	50 x 50	IP 20



Жылуды өлшеуге арналған қорық **devireg®**
520-521-522 кіркіш қабырғаға

Корпус	Диаметр	Материал
180-250 В	Ø 80	Пластик



Жылу реттегіштерді қолдану салалары

1. Электронды devireg жылу реттегіші кабельдік жылыту жүйелерін жайлылығы жағынан да, үнемдеу жағынан да қолайлы және нақты басқаруды қамтамасыз етеді.

2. Барлық жылу реттегіштердің температураны тәуліктің белгілі бір мезгілдерінде, мысалы түнгі уақытта, жылу реттегіштегі температура қондырғысын өзгертпей-ақ автоматты түрде 5 °С төмендету мүмкіндігі бар.

Темпураны төмендету уақытын программалау үшін devinime 301 электронды таймер қолданылады. Бұл электр энергиясын тұтынуды анағұрлым төмендетуге мүмкіндік береді.

3. Жылу реттегіштер еденге орнатылған кабельдік жылыту жүйелері арнайы үшін әзірленген. Оларды басқа да жылыту немесе желдету жүйелерімен бірге қолдануға болады.

4. Жылу реттегіштердің әртүрлі модельдері қабырғаға, пішіндік басқару шкафтарына және сырттан орнатуға арнап жасалады.

5. Жылу реттегіштер түрлі типтегі бергіштермен жабдықталады:

Ішіне бірге жасалған ауа температурасы бергіші, алысырақ орналасқан бөлмелерге арналған ауа температурасы бергіші, сымдағы еден температурасы немесе оның комбинациясының бергіші.

6. Алысырақ орналасқан бөлмелерге арналған ауа температурасы бергіші және сымдағы еден температурасы бергішінің ом бірлігіндегі кедергісі бірдей – 25 °С-да 15 кОм – және жылу реттегіштің әр түрлі модельдері үшін пайдаланыла береді.

7. Алысырақ орналасқан бөлмелерге арналған ауа температурасы бергіші температураны басқаруды жылытылатын бөлмеден тыс, мысалы қонақ үйлерде, мектептерде және бала бақшаларда, яғни бөлменің ішіндегі адамдар қажет температураны өздері белгілеуге тиіс жерде орнату қажет болған жағдайда қолданылады.

8. Жылыту жүйесімен берге салынған ауа температурасы бергіші мен еден температурасы бергіштерінің комбинациясы бар бергіш реттегіштер еденнің максималды температурасын ауа температурасы бойынша шектеу қажет болған жағдайда, яғни максималды мүмкін температура белгіленген ағаш едендерде немесе үстінде жабыны бар едендер үшін пайдаланылады.

9. Жылу реттегіштер релеге қосыла алады, сондықтан қуаты жоғарырақ кабельдік жылыту жүйесін магнитбосатқыштар (контакторлар) арқылы басқара алады.











10. Ағаш едендердегі жүйелерді басқару үшін ең тәуірі 122 және 522 сериялы жылу реттегіштерді қолданған жөн. Олар бірге жасалған ғимараттағы ауа температурасы бергішімен және еден температурасы бергішімен жабдықталған. Соңғысы еден құрылғысының ішінде орнатылып, еден температурасын белгіленген температурадан артық көтерілмейтіндей етіп тіркейді және шектейді.

11. 700-754 сериялы жылу реттегіштер жылуды жинау жүйелерін басқарудың әмбебап жүйесі болып табылады. Жылу реттегіштер автоматты түрде электр энергиясының жеңілдікті тарифына бейімделеді.


12. Осы сериялы жылу реттегіштер сыртқы температура мен едендегі жиналған жылудың көлемін ескере отырып, электр энергиясын үнемдеуге және еденге орнатылған жылыту жүйесін электр энергиясының тәуліктің төмен тарифы кезіне арналған электрондық басқару құралдары болып табылады. Нәтижесінде тек қана нақты қажет электр энергиясы тұтынылады.

Еден температурасының бергіштері еден температурасын басқару қажет болған кезде, яғни ұнамды жылы еден, мысалы ванна бөлмесінде, балалар бөлмесінде, ас үйде, қажет болған кезде пайдаланылады


ЖЫЛУРЕТТЕГІШТЕРДІ ҚОСУ СҰЛБАЛАРЫ




devireg[®] 610 - Heating




devireg[®] 610 - Cooling



devireg[®] 750



devireg[®] 700



devireg[®] 710




Жылыту кабельдерінің нұсқалары (de-vi фирмасы)

Қыздырыш кабель **deviflex[®] DTIP-10**, скізбегі экрандалған.

Қайта қалпына келтірілетін сәндер және ағаш сәндерге, мысалы, санналық бөлшектерде, ас үйлерде және т.б. үшін қолданылады.

	Қуаттылығы Вт			Ұзындығы, м
	220 В кезінде	230 В кезінде	240 В кезінде	
85	100	100	100	10
185	200	220	220	20
355	400	425	425	40
530	800	630	630	60
725	800	860	860	80
905	1000	1080	1080	100
1115	1200	1325	1325	120
1290	1400	1535	1535	140



Қыздырыш кабель **deviflex[®] DTIP-18**, скізбегі экрандалған.

	Қуаттылығы Вт			Ұзындығы, м
	220 В кезінде	230 В кезінде	240 В кезінде	
125	134	145	145	7
250	270	295	295	15
360	395	430	430	22
490	535	585	585	29
625	680	740	740	37
725	790	860	860	44
855	935	1015	1015	52
980	1075	1170	1170	59
1225	1340	1455	1455	74
1485	1625	1770	1770	90
1720	1880	2045	2045	105
1955	2135	2325	2325	118
2100	2295	2500	2500	138
2540	2775	3021	3021	155



Қыздыру кабелі **deviflex[®]** DSIG-20, біртүтікті экрандалған.
Негізінен, сыртқы аймақтарда қардың және мұздың өрігі үшін қолданылады.
Екі программада, 220 және 380 В жеткізіледі.



Қуаттылығы, Вт			
220 В кезінде	230 В кезінде	240 В кезінде	Ұзындық, м
155	170		9
345	375		18
585	640	700	32
730	800	870	39
980	1070	1165	53
1155	1260	1375	63
1340	1465	1595	74
1665	1820	1985	91
2025	2215	2415	110
2415	2640	2875	131
2900	3170	3450	159
3525	3855	4195	192
4180	4565	4975	228

Ұзындық, м	Қуаттылығы, Вт 380 В кезінде
56	1100
69	1375
93	1850
126	2550
158	3175
192	3850
228	4575

Қыздыру кабелі **deviflex[®]** Халықаралық Электротехникалық Комиссияның
ХЭК 800 стандарттарына сәйкес өндіріледі және Мемстандартпен сертификатталады.

Құрастыру жабдықтары:
Құрастыру монтажі devifast

Бетонды немесе ағаш элементтері және
сыртқы аймақтарда deviflex кабелін
орнатуға арналған ұзындығы 5 немесе
25 м иесімен тағдырланған таспа. Кабель
үшін бекіту әрбір 25 мм сайын қойылады.



deviflex[®]ар:

екітүтікті кабель орнатуға арналған
жалғуыраушы құбырлар негізіндегі
жонлеу жинағы

deviflex[®]



Жонлеу жинағы:

екітүтікті кабель арналған жонлеу жинағы
(екі құраушы қатып қалған жақса)

deviflex[®]



7-қосымша

ОСЫ ЕЖ-ДА СІЛТЕМЕЛІК ЖАСАЛАТЫН НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА ТІЗБЕСІ

НТҚ-ны белгілеу	НТҚ атауы
ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002	Құрылыс жылу техникасы
ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2001	Құрылыс климатологиясы
ҚР ҚНЖЕ 2.01-19-2004	Құрылыс құрылымдарын тоттанудан сақтау
ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2002	Имараттар мен ғимараттардың өрт қауіпсіздігі
ҚНЖЕ 2.01.02-85*	Өртке қарсы талаптар
ҚР ҚНЖЕ 3.02-0-2001*	Тұрғын ғимараттар
ҚНЖЕ 3.02-02-2001	Қоғамдық ғимараттар және имараттар
ҚНЖЕ 2.09.02-85*	Өндірістік ғимараттар
ҚР ҚНЖЕ 3.02-04-2002	Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар
ҚНЖЕ 2.11.01-85*	Қойма ғимараттары
ҚНЖЕ 2.04.01-85*	Оқшаулағыш және өңдеу жабындары
ҚНЖЕ 3.04.01-87	Тұрғын ғимараттарды жобалау жөніндегі оқу құралы.
ҚӨҚЕ -01-94	3-басылым. Тұрғын ғимараттардың құрылымдары Құрылыс-құрастыру және отпен жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері. Халықаралық көрмелердің ақпараттық материалдары